

"Т-95,4 шынжыр табанды трактор өндірісін ұйымдастыру" жобасын іске асыру кезінде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдаудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 26 желтоқсан N 1372

Жүргізілген қарыз берушіні ауыстыру шеңберінде Т-95,4 тракторларын лизинг арқылы сатып алу жөнінде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қолдау көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Эскимбанкі" жабық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - "Қазақстан Эскимбанкі" ЖАҚ) заңнамада белгіленген тәртіппен:

жылдық 3 (үш) пайызға дейін Кредиттік шарт жасасқан күннен бастап өзінің пайдасына алынатын сыйақы мөлшерін азайту бөлігінде "Т-95,4 шынжыр табанды трактор өндірісін ұйымдастыру" жобасы шеңберінде "Қазақстантрактор" ашық акционерлік қоғамымен (бұдан әрі - "Қазақстантрактор" ААҚ) жасалған 2000 жылғы 20 наурыздағы N 5-16/КД-в кредиттік шарттың (бұдан әрі - Кредиттік шарт) талаптарын қайта қарауды жүзеге асыру;

өз пайдасына сыйақы есептеуді Т-95,4 тракторларының әр бірлігін лизингке нақты беру сәтінен бастап "ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "ҚазАгроҚаржы" ЖАҚ) лизингке берген Т-95,4 тракторларының өтелмеген құнының сомасына жүргізу ұсынылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы тармақтың үшінші абзацына сәйкес қайта қаралған 2000 жылғы 8 желтоқсандағы N 120 жеткізілім шарты бойынша "ҚазАгроҚаржы" ЖАҚ-тың "Қазақстантрактор" ААҚ-тың алдындағы берешегінің көрсетілген мәміле жасалған күнгі тең мөлшерінде 398 Т-95,4 тракторларын кепілдікке беріп, осы қаулының 1-тармағына сай қайта қаралған Кредиттік шартқа сәйкес Т-95,4 тракторларының өндірісін ұйымдастыруға "Қазақстан Эскимбанкі" ЖАҚ берген кредитті қайтару бойынша "Қазақстантрактор" ААҚ-тың ақшалай міндеттемелерінің бір бөлігін "ҚазАгроҚаржы" ЖАҚ-қа аудару жөнінде "ҚазАгроҚаржы" ЖАҚ-тың, "Қазақстан Эскимбанкі" ЖАҚ-тың (келісім бойынша) және "Қазақстантрактор" ААҚ-тың (келісім бойынша) мәміле жасасуын;

"ҚазАгроҚаржы" ЖАҚ-пен, "Қазақстан Эскимбанкі" ЖАҚ-пен (келісім бойынша), "Қазақстантрактор" ААҚ-пен (келісім бойынша) және "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамымен бірлесіп, "Қазақстан Эскимбанкі" ЖАҚ "Қазақстантрактор" ААҚ-тың атына берген кредитті қайтару жөнінде "

Қазақстантрактор" ААҚ-тың ақшалай міндеттемелерінің бір бөлігін "ҚазАгроҚаржы" ЖАҚ-қа аударуды жүзеге асыру кезінде осы тармақтың екінші абзацына сәйкес 2000 жылғы 3 мамырдағы N 9-16/Кел. келісімнің және 2000 жылғы 8 желтоқсандағы N 120 жеткізілім шартының талаптарын тиісінше қайта қараудың жүзеге асырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.С.Есімовке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК